Биылғы оқу жылында еліміздің жалпы білім беретін мектептерінде «Құндылықтарға негізделген білім беру» бағдарламасын жүзеге асыру арқылы оқытудың құндылықтары- бағдарлық тәсілі енгізілді. Бұл бағдарлама білім алушылардың бойында жалпыадамзаттық, ұлттық және отбасылық құндылықтарды дамытуға, олардың рухани-адамгершілік дамуын қамтамасыз етуге, экологиялық мәдениетін, салауатты және қауіпсіз өмір салтын қалыптастыруға бағытталған.

***Қыркүйек***

1 қыркүйек –білім күні 1 -11 сыныптарға арналған «Терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық қасиет» тақырыбында мектептің алаңында салтанатты жиын ұйымдастырылып өткізілді. Білім күнінің салтанатты жиынын аудан әкімі Жанбаев Берік Амантайұлы өз құттықтау сөзімен ашты. Ауыл әкімі Байкадамов Бауыпжан Шүкеңұлы және аудандық білім бөлімінің басшысы Омарова Сауле Қуанышқызы салтанатты жиынымыздың қадірлі қонақтары болып қатысты. Салтанатты жиынымыз 1-11 сынып оқушыларына тақырыпты сынып сағаттармен жалғасты.





“Жол ережесін білейік, аман есен жүрейік” тақырыбында бастауыш сыныптар арасында өткен тәрбие сағаттары.






“Өрт қауіпсіздігі ережесін сақтау туралы” түсіндіру сабақтары




*Қазан*

«Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты» тақырыбында 6 сыныптар арасында орталық «Дәурен» стадионында спорттық сайыстар ұйымдастырылып өтті.




"Архив және болашақ ұрпақ" атты акция аясында аудандық мұрағатқа мектептің 7 "А" сынып оқушылары саяхат ұйымдастырды.




«Менің кіші Отаным» атты аудандық байқаудың жүлделі орын иегерлері





Мектептің өзін –өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен мектеп Президентіне дауыс беру күні өтті




«Электр қуаты қауіпті» тақырыбында 1-9 сыныптар арасында аудандық АРЭК мекемесінің өкілдерінің қатысуымен оқушыларға түсіндірме жұмыстары жүргізілді.




«Табиғатты қоқыстан қорғаймыз» акциясы аясында 5-10 сынып оқушыларының және өзін өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен аптаның әр бейсенбі күні мектеп ауласын қоқыстан тазарту сенбіліктері өтеді.




«Оқуға құштар мектеп» акциясы аясында мектеп оқушыларын кітап оқуға шақырамыз мақсатында оқырмандардың кітапқа деген қызығушылықтарын арттырамыз.





25 қазан – Республика күнін мерекелеу қарсаңында мектебімізде бірқатар іс-шаралар жоспарға сай ұйымдастырылып өткізілді. Республика күні – мемлекеттің символын айқындайтын маңызды мереке. Балаларды Отанға деген сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерге, ұлттық және мемлекеттік мерекелерге құрметпен қарауға баулу маңызды. Осы себептен еліміздегі барша оқушы үшін шығармашылық, танымдық, спорттық, мерекелік іс-шаралар біздің мектепте де аталып өтті. Республика күнін мерекелеуге арналған іс-шаралар 17 қазанда басталады. 1-4 сынып оқушылары арасында мәнерлеп оқу байқауы өтті. 1-4 сынып оқушылары арасында «Атамекен» тақырыбы бойынша бірыңғай жалпыхалықтық диктант өткізілді. 5-11 сынып оқушылары арасында жалпыұлттық бірыңғай эссе байқауы өтті. Ал жоғары сынып оқушылары, яғни 9-11 сынып оқушылары арасында «Мен өз елімнің азаматымын!» тақырыбында пікірсайыстар және басқа да іс-шаралар ұйымдастырылды.

Оқуға құштар мектеп жобасы бойынша мектеп кітапханашылары мектептің даярлық топ бүлдіршіндері мен мектеп оқушыларын 100% қамтыды. Мектеп қабырғасында мемлекеттік гимн шырқалып, 1-11 сыныптарда «Қазақстан – туған жерім, туған елім!» тақырыбында республикалық сынып сағаттар өткізілді. «Біз болашақ жастарымыз» тақырыбында 9-11 сынып оқушылары арасында волейболдан мектепішілік жарыс денешынықтыру пәнінің мұғалімдерімен ұйымдастырылды. 1-11 сынып оқушыларына арналған салтанатты жиын өтті.







“Оқуға құштар мектеп”

*Желтоқсан*





**Қазақстан Республикасының тәуелсіздік күні аясында өткен іс-шаралардың есебі**

**Іс-шараның мақсаты -** патриоттылыққа, Отанға деген сүйіспеншілікке, Қазақстан халықтарының тарихы өткені, бүгіні және жарқын болашағы үшін мақтаныш сезіміне тәрбиелеу.



**Міндеттері:**

- оқушыларға патриоттық тәрбие беру, Отанды сүюге және ерлікке баулу;
- 1986 жылғы желтоқсан оқиғасында ел камын жеген ерлерді үлгі тұту, өнеге алуға және халқының тарихын білуге үйрету;
- достық, толеранттылық ұлтаралық келісімге тәрбиелеу.

16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының тәуелсіздік күніне арналған **Аудандық білім бөлімінің** жоспарына сәйкес 2022 жылдың 1-15 желтоқсан аралығында Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай «Тәуелсіздік – бәрінен қымбат» атты мектепішілік іс-шаралар жоспары құрылып, бекітілді.

Мектеп оқушыларына патриоттық тәрбие беру, Отанды сүюге және ерлікке баулу мақсатында мектебіміздің «Өзін -өзі басқару» ұйымының ұйымдастыруымен аптаның әр дүйсенбі күні оқушылар Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимнін орындаумен саптық жиын өтеді.

орналасқан «Тәуелсіздіктің шежіресі» «Алжир» мемориалды- мұражай кешеніне мектебіміздің 10-11 сынып оқушылары экскурсияға барып келді.





15 желтоқсан күні «Тәуелсіздік — қазақ үшін ғажап құт!» атты 9-11 сыныптарға арналған тақырыптық кешті тарих пәнінің мұғалімі М.Ақылбеков өткізді. Тақырыпты кештің мақсаты: Оқушыларды Отанды, елді, жерді сүюге туған ел тарихын білуге, қастерлеуге тәрбиелеу.Оқушыларға тәуелсіздіктің қаншалықты қиыншылықпен келгенін түсіндіру,патриоттық сезімге баулу болып табылады.




**2022-2023 оқу жылындағы 20-30 қаңтар аралығында «Кәмелетке толмаған жасөспірімдердің құқығын қорғау» тақырыбында атқарылған мектепішілік іс-шаралардың есебі.**

**Мектептегі құқықтық тәрбие беру жұмысының негізгі мақсаты:**

1. Жас ұрпақты қоғамның заңдары мен құқықтық нормаларын сыйлау рухында тәрбиелеу;
2. Мемлекет пен қоғам ісіне саналы түрде белсенділікпен қатысып, өз отанын қорғауға әрқашанда дайын болу, жаттықтыру;

«Баланың құқық жөніндегі конвенцияда» отбасында баланың құқығын қорғау, оған қамқорлық жасау көрсетілген. Отбасындағы жас ұрпақтың тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуына ата- ананың, отбасы мүшелерінің қарым- қатынасындағы мейірімділік пен махаббат қажет. Толық мәнді отбасы болу үшін ата- ананың және басқа отбасы мүшелерінің береке-бірлікті, түсінікті сақтауы, сонымен қатар әр отбасы мүшесінің құқығы қорғалуы тиіс.

Бүгінгі білім беру жүйесіндегі өзгерістер мен жаңалықтар еңбек тәрбиесіне жаңаша қарауды талап етіп отыр. Балаларға адамгершілік салаларды

05 - 15 желтоқсан күндері аралығында мектебімізде Қазақстан Тәуелсіздік мерекесіне арналған 0-11 сыныптар арасында тақырыпты тәрбие сағаттары өтті.

Сынып сағаттардың мақсаты**:** Тәуелсіздік туралы терең мағлұмат беру. Ата – бабамыздың тәуелсіздік жолындағы ерлігін үлгі етіп, өз Отанын сүюге, еліне, халқына қызмет етуге **Тәрбиелеу.** Еліміздің тәуелсіздігін атап өту қарсаңында елтарихына шолу жасау. Тәуелсіз еліміздің жетістіктерімен таныстырып, білгендерін тереңдету.

05-15 желтоқсан күндері аралығында мектептің кітапханашылары С.Попосемова және М. Рысбаеваның ұйымдастыруымен «ХХІ ғасыр — Қазақстанның жұлдызды ғасыры» тақырыбында тақырыпты көрме ұйымдастырды.





14 желтоқсан күні мектебіміздің 3 «А» сынып оқушылары Республикалық «Жас Қыран» ұйымы қатарына салтанатты түрде қабылданды.

Жас Қыран» - мектеп оқушыларының бірлескен ұйымы. Бұл ұйымның басты мақсаты оқушыларды салтанатты түрде жиынға қабылдай отырып, Қазақстан мемлекетінің дарынды, қайратты білімді азаматы болуға, әдептілікке, адамгершілікке, бірлікке, адалдыққа үндей отырып, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсететін жастар тәрбиелеу болып табылады. Жас Қыран» ұйымына өтуші – оқушылар, өзімізді алдағы уақытта тек қана жақсы жағымыздан көрсетуге, жақсы оқуға, қоғамдық жұмыстарға белсене қатысып, еліміздің өсіп - өркендеуіне өз үлесімізді қосуға, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге ант беріп, аспан түстес галстуктарын мойындарына тағып, кеуделеріне төсбелгілерін тақты.







14 желтоқсан күні ҚР тәуелсіздік күні қарсаңында балалар арасында азаматтықты және патриотизмді нығайту, мақсатында Ақмол ауданында

қалыптастыруда отбасы шешуші роль атқарады. Сол себепті әр ата-ана өз баласымен тығыз байланыс орнату қажет екендігі туралы басым айтылды.



Мектебімізде жоспарға сай жасөспірімдер қылмысының алдын алу мақсатында құқықтық тәрбие тақырыптарында мектеп оқушыларымен бірқатар жұмыстар атқарылып келеді.

2023 жылдың 23 қаңтар күні мектептің өзін-өзі басқару ұйымының министрлерімен «Кәмелетке толмағандардың арасындағы құқық бұзушылықтың профилактикасы және олардың құқықтарын қорғау» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылып өтті. Жиында мектеп парламентіне бір қатар жұмыстар тапсырылды. мақсаты: оқушылар арасында девиантты және әлеуметтік мінез-құлық, құқықбұзушылықтың алдын алу. Әр аптаның дүйсенбісі 1-11 сынып оқушыларына мектептің өзін-өзі басқару ұйымы ұйымдастырып өткізетін оқушылар жиыны ҚР Мемлекеттік Гимнімен басталады.



Оқушылар жиынында 24 қаңтар күні «Менің құқығым» тақырыбында мектептің акт залында 6-11 сынып оқушылары арасында жиын өтті. Тақырыпты жиында балалар өздерінің сабақтан бос уақыттарында әр-түрлі секцияларға қатысып, өздерінің үйірмелерге деген қызығушылықтарын айтты.

24 қаңтар күні мектеп ата-аналарымен дөңгелек үстел өтті.

**Мақсаты:** Әр отбасының бала тәрбиесіне белсене қатысуының маңызын арттыру. Баланың мейірімді сыпайы әдеттерді бойына сіңіріп өсу жолдарын ата-аналармен бірлесе қарастыру.Тәрбиенің ең тамаша жері отбасы екенін, олардың бала тәрбиесіндегі мүмкіндіктерінің жоғары екенін, баламен қарым – қатынасты жақсарту.





1-11 сынып жетекшілері күн сайын сабақ басталысымен сынып оқушыларын түгендеп, сабаққа келмеген оқушы жайлы мектептің әкімшілігіне хабарлап,себебін анықтайды. Оқушылардың сабаққа қатысуы туралы берілген ақпаратқа сүйеніп, мектептің әлеуметтік педагогы күнделікті журналға белгілеп отырады. 2022-2023 оқу жылының қыркүйек,қазан,қараша желтоқсан айларында дәлелсіз сабақтан қалған оқушы жоқ.

Мектеп жанындағы интернатта шалғайдағы мектебі жоқ елді мекендерден және көп балалы, жағдайы төмен отбасылардың 20 тәрбиеленушісі білім, тәрбие алады, оның ішінде 10 қыз,10 ұл бала бар.

Мектеп жанындағы интернатта, интернат психологы Макажанова Гүлден Кәрімқызы үнемі интернат оқушыларымен психологиялық әңгіме, сауалнамалар тренингтер өткізеді. Аптасына 2 рет кітапханамен де оқушылардың байланысын нығайтып отырамыз. Түнгі тәрбиеші апайларымыз өздерінің бекітілген жоспарларына сәйкес балалармен тәрбиелік бағытта іс-шаралар ұйымдастырып өткізеді. Күнделікті түскі астан кейін оқушылардың күнделікті үйге берілген тапсырмаларын орындалуын қадағалап, бастауыш сынып оқушыларның үй тапсырмаларын орындауына үнемі көмек көрсетіледі. Интернат тәрбиеленушілері ішінде 2 оқушы би үйірмесіне ,4 оқушы балалар шығармашылық үйіне, қалған оқушылар мектепішілік өтетін спорттық секция үйірмелеріне қатысады.





Мектеп психологының жоспарына сәйкес жұмыстар үнемі жүргізілуде. Жоғары сынып оқушылармен мектептегі мазасыздық Кондаш сауалнамасы жүргізілді. 25 қараша 10 желтоқсан аралығында «Гендерлік зорлық зомбырлыққа қарсы белсенді іс-қимылдың 16 күні» жаһандық науқаны аясында мектебімізде 8-11 сынып оқушылармен мен «Зорлық –зомбылыққа қарсымын» атты профилактикалық алдын алу мақсатында оқушылармен түсіндіру жұмыстары өткізілді.





Зорлық-зомбылықтың алдын-алуда буллинг мәселесімен талаптарға сай жұмыстар жүргізілуде. Адам үйде, мектепте, немесе интернетте, жалпы айтатын болсақ, кезкелген жерде буллингке ұшырауы мүмкін. Бұл кез келген адамның басында болатын жағдай.





*Ақпан*

2023 жылдың 01 ақпан күні 9,11 сыныптардың ата-аналарына «Баланың мамандық таңдауындағы ата-ананың рөлі» тақырыбында жиналыс өтті. Мақсаты: оқушыларға мамандық таңдауда ата-ананың рөлінің маңыздылығын түсіндіру.



02 ақпан күні «Отбасындағы бала тәрбиесі» тақырыбында мектепішілік ата-аналар жиналысы өтті.
Мақсаты: әр отбасының бала тәрбиесіне белсене қатысуының маңыздылығын арттыру, Баланың мейірімді, сыпайы әдеттерді бойына сіңіріп өсу жолдарын ата-аналармен бірлесе қарастыру. Ата-аналар жиналысының күн тәртібіндегі басты сұрақ «Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу» баяндаған: Қорғалжын аудандық ПБ-нің жасөспірімдер инспекторы А.Саден. «Мектептегі буллингті болдырмаудағы ата-ананың рөлі» баяндамашы, психолог-Г. Макажанова.



Мектепішілік «Жас Ұлан» ұйымының «Қайырымдылық» акциясы аясында қарт адамдарға қол ұшын беру жұмыстары үнемі жүргізіледі.



14 ақпан күні «Кітапханаға кітап сыйла» акциясы аясында мектептің ұжымы мен оқушылары мектеп кітапханасына оқулықтарды тарту етті.

Интернациолист жауынгер ағаларымыздың құрметіне арналған «Ауғанның асуында от кешкендер» тақырыптарында тәрбие сабақтары, дөңгелек үстелдер өтті.



16 ақпан күні 6-7 сыныптар арасында денешынықтыру пәнінің мұғалімдерінің ұйымдастыруымен волейбол ойындары өтті.



27 ақпан 01 наурыз күндері өзін-өзі басқару ұйымы Алғыс айту күніне арналған «Алтын жүрек» атты мерекелік апталық ұйымдастырды.

*Наурыз*

Жалпы орта білім беретін мектеп оқушылары арасында Республикалық Мұқағали Мақатаев оқуларының аудандық кезеңіне қатысып, жүлделі III орынды иеленген 9 «А» сынып оқушысы Кабдрахманова Аянат және сертификат иегері 10 «А» сынып оқушысы Жумабаева Дильназ арнайы мадақтамалармен марапатталды.



06 наурыз күні Халықаралық аналар мерекесіне арналған «Ана-өмірдің шуағы» тақырыбында мектеп оқушыларының ұйымдастыруымен мерекелік концерт өтті.

14 наурыз Көрісу күні мектебімізде Ұлыстың Ұлы күні Наурыз мерекесіне орай бастауыш сыныптардың ата-аналары арасында Ұлттық ойындар эстафеталық сайысы денешынықтыру пәнінің ұстаздарының ұйымдастыруымен өтті.



Сайысқа алты ата-анадан құралған бес команда қатысты. Жүлделі орындарды иеленген командалар арнайы дайындалған медальдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.



15 наурыз күні мектебімізде 7-9 сыныптар арасында «Мәңгілік ел жастары» тақырыбында КТК ойындары өтті. Көңілділер және тапқырлар додасында ең үздік командалар және ең үздік ойыншы номинациялары бойынша қатысушылар арнайы кубоктармен және дипломдармен марапатталды.

16 наурыз күні мектебімізде Ұлыстың Ұлы күні Наурыз мерекесіне арналған 5-11 сыныптар арасында мерекелік іс-шаралар өтті. Ұлыстың Ұлы күні әр сынып өздеріне берілген арнайы тапсырмалар бойынша қазақтың Ұлттық салт-дәстүрлерін сахналық қойылым арқылы көрермендерге жеткізді.



17 наурыз күні мектеп оқушылары, ата-аналары және ұстаздары Республика бойынша өткен челленджге қатысып, Құрманғазының күйі «Балбырауынды» орындадық.



21 наурыз күні аудандық алаңда өткен Ұлыстың Ұлы күні Наурыз мерекесіне ұжым болып қатысып, халыққа мерекелік көңіл күй сыйлап, ұлттық тағамдар ұсынылды.



24 наурыз күні аудандық волейбол жарысына мектептің 9-10 сынып оқушыларынан құралған қыздар командасы қатысып, жүлделі I орынды иеленіп, Целиноград ауданына жолдама алды.



30 наурыз күні онлайн форматта «Ақмола дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығы жалпы білім беретін 8-11 сынып мектеп оқушылары арасында Республикалық «Ілияс Жансүгіров оқулары» байқауының облыстық кезеңіне мектебіміздің 9 «А» сынып оқушысы Қабдрахманова Аянат қатысып, сертификатқа ие болды.

*Сәуір*

01 сәуір «Халықаралық құстар күні». Бұл күні мектеп оқушылары мектептің ауласындағы ағаштарға құстарға арнайы өздері дайындап алып келген ұяшықтарды орнатты.



02 сәуір күні Бүкілаутизм мәселесі туралы ақпарат тарату күні аясында мектебімізде 5 сәуір күні осы тақырыпта түсіндірме жұмыстарын мектеп психологы Г.Макажанова және медбике Б.Қылышбаева оқушыларға бейнеролик көрсетіп, жадынамалар таратты.



Әр бейсенбі күндері 5-10 сынып оқушыларына арналған «Таза бейсенбілік» жұмыстары кестеге сәйкес жүргізілді.



12 сәуір «Ғарыш ғаламаты» тақырыбында тақырыпты тәрбие сағаттары және сурет байқаулары өтті.

12 сәуір күні сағат 12.00 де бірыңғай республикалық «Шахмат ойнау» челленджі аясында шахмат ойындары ұйымдастырылды.



05 мамыр күні Отан қорғаушылар және Ұлы Жеңіс күніне арналған тәрбие сағаттары өтті. Аудандық «Саптық әндер» байқауына мектебіміздің оқушылары қатысып, жүлделі III орынды иеленді.

12 мамыр күні мектебімізде төтенше жағдайлардың алдын алу жұмыстары жүргізілді. Оқу барысында мектеп қызметкерлеріне оның ішінде күзет қызметіне іс-әрекет Алгоритміне сәйкес, оқушылар мен қызметкерлерді эвакуациялау туралы нұсқаулық жұмыстары ұйымдастырылды.



13 мамыр күні мектебіміздің түлектері Қазақстандық оқушылар «Жасыл мекен» Республикалық челленджіне қатысты. Мектеп түлектері, мектептің ауласына көгалдандыру жұмыстарын жүргізді.



16 мамыр күні мектебімізде Қазақстан биоалуантүрлілікті сақтау ассоциациясымен бірлесіп, география пәнінің мұғалімі М.Байтуганова және 7-8 сынып оқушылары АСДК қызметкерлерімен «Тарғақты қорғау» тақырыбында кездесу семинар ұйымдастырылды.



17 мамыр күні 6-9 сынып оқушылары арасында «Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу», «Жазғы демалыс уақытындағы қауіпсіздіктің алдын алу», «Түнгі уақытта жүру» тақырыптарында Қорғалжын аудандық ПБ-нің ЖПБҚ бастығы, полиция капитаны Е.Асанбаев, аудандық ПБ-нің жасөспірімдер жөніндегі инспекторы С.Айтолқын оқушыларға түсіндірме



жұмыстарын жүргізіп, жолда жүру ережелерімен таныстырды.

19 мамыр күні мектептің өзін-өзі басқару ұйымы «Менің мектебім буллингке қарсы» атты жалпы



республикалық флешмоб ұйымдастырылып, өткізілді.

19 мамыр күні Республикалық «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы қатарына мектебіміздің 7 «А» және «Ә» сынып оқушылары салтанатты түрде қабылданды.



20 мамыр күні мемлекет және қоғам қайраткері Ә.Шабатовтың 90 жылдығына арналған дәстүрлі «Жігер-2023» аудандық оқушылар спартакиадасы Жантеке ауылында өтті. Спартакиадаға белсене қатысқан мектебіміздің командасы жүлделі I орынға ие болды. Жүлде қоры 500 000 теңге.



24 мамыр күні Төтенше жағдайлар бөлімінің қызметкерлері «Жаз мезгіліндегі қауіпсіздік» және «Судағы тәртіп ережелері» тақырыптарында мектебіміздің 2-8 сынып оқушыларымен жаттығу өткізіп, тақырыпты жадынамалар таратты.



30 мамыр күні аудандық «Жол инспекторы-2023» тақырыбында сайыс өтті. Аталмыш сайысқа ауданның 7 мектебінен оқушылар қатысып, мектебіміздің командасы жүлделі І орынға ие болды.





31 мамыр күні аудандық ІІБ-нің жасөспірімдер жөніндегі инспекторы А.Сәденнің қатысуымен «Күмәнді діни оқу орындарында білім алудың алдын алу», «Құқықбұзушылықтың алдын алу», «Судағы тәртіп ережелері», «Түнгі уақытта жүру» тақырыбында ата-аналар комитеті мүшелерімен және жоғары сынып оқушыларымен түсіндірме жұмыстары жүргізілді.
31 мамыр күні «Саяси қуғын сүргін құрбандарын еске алу күні» тақырыбында 1-11 сыныптар арасында сынып сағаттары өтті.
01 маусым күні Халықаралық балаларды қорғау күні мерекесімен тұспа-тұс «Сыңғырла күміс қоңырау» тақырыбында 9-11 сынып оқушыларына арналған салтанатты жиын өтті.



**Тәрбие жұмысын ұйымдастырушы:** *[signature]* **А.Уралбекова**

# «Ақтан Төлеубаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің 2022-2023 оқу жылындағы мектепішілік іс- шаралардың жылдық есебі.